

ӘОЖ 81.367
МРНТИ 16.21.49

Ғ. МҮСІРЕПОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ КӨРІНІС ТАБУЫ

Ерсаинова А.Б.¹

¹М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, Петропавл қ., ҚР

ПРИМЕНЕНИЕ УСТОЙЧИВЫХ СЛОВСОЧЕТАНИЙ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ Г. МУСРЕПОВА

Ерсаинова А.Б.¹

¹СКГУ им. М. Козыбаева, г. Петропавловск, РК

APPLICATION OF SET EXPRESSIONS IN G. MUSREPOV'S WORKS

Ersainova A.B.¹

¹NKSU named after M. Kozybaev, Petropavlovsk, KR

Аңдатпа

Мақала жазушы Ғабит Мүсіреповтің шығармалары тіліндегі фразеологизмдердің стильдік қызметін анықтауға арналған. Жазушының «Жеңілген Есрафил», «Ананың анасы» әңгімелері сондай-ақ, «Ұлпан» романындағы фразеологизмдерге талдау жүргізіліп, мағыналары ашылды. Фразеологизмдердің мағыналық топтарының яғни, эмотивті және этнографиялық түрлерінің қолданылу ерекшелігі айқындалады. Фразеологизм жайлы ғылыми тұжырымдар, зерттеу нәтижелері көрініс тапты. Фразеологиялық тіркестер ойды бейнелі жеткізу жағынан жазушы шығармалары тілінің мол қабатын құрайды. Қаламгерді өзгеден ажыратар, өзіндік қолтаңбасын, өзіндік бет бедерін айқындайтын қасиетін, яғни оның өзіндік стилін нақты мысалдар арқылы айқындап береді.

Ғабит Мүсірепов шығармаларындағы «Ер адам», «Әйел», «Қайғы», «Махаббат», «Кедейлік» концептілерін қалыптастыратын фразеологизмдер, сонымен қатар ұлттық салт-дәстүрлерімізге байланысты фразеологизмдер анықталып, зерттелді. Тілімізді байыту, көркемдеу тәсілі жалғасы тауып отырғандығы Ғабит Мүсірепов туындыларындағы тұрақты тіркестер қолданысынан байқауымызға болады. Қаламгер өз шығармаларында халық тілінің бай қазынасын, көркем сөздің әр алуан өрнегін шебер қолданған.

Түйінді сөздер: тұрақты тіркес, лексика-семантикалық қабат, рухани байлық, номинативтік мағына, стилистикалық мақсат.

Аннотация

Статья посвящена выявлению стилистической функции фразеологизмов в произведениях писателя Габита Мусрепова. Проведен анализ и определено значение фразеологизмов, встречающихся в рассказах писателя «Жеңілген Есрафил», «Ананың анасы», а также в романе «Ұлпан». Выявлена особенность применения определенных групп фразеологизмов, а именно, эмотивных и этнографических разновидностей. Рассмотрены научные концепции, результаты исследований о фразеологизмах. Фразеологические обороты способствуют обогащению языка в произведениях писателя для выражения образной мысли. Отражает собственный почерк, собственный портрет, то что выделяет писателя от других, выражает через конкретные примеры свой собственный стиль.

В произведениях Г. Мусрепова анализируются фразеологизмы связанные с национальными традициями и обычаями, также исследуются фразеологизмы формирующие концепты: «Мужчина», «Женщина», «Горе», «Любовь», «Бедность». В статье мы можем увидеть как Г. Мусрепов мастерски обращается к фразеологическому богатству родного языка, как к неисчерпаемому источнику речевой экспрессии.

Ключевые слова: устойчивое словосочетание, лексико-семантический слой, духовное богатство, номинативное значение, стилистическая цель.

Annotation

The given article is devoted to the identification of the stylistic function of phraseological units in the works of the writer Gabit Musrepov. The analysis has been conducted to determine the meanings of

phraseological units encountered in the writer's short stories «Zhenilgen Yesrafil» and «Ananyn anasy», as well as the novel «Ulpan». The peculiarities of application of certain sets of phraseological units have been identified, namely of somatic, emotive and ethnographic types. Scientific conceptions and findings of research on phraseological units have been considered. Phraseological constructions contribute to enriching the language of the writer's works by expressing the imagery. Reflects own style, his own portrait, what distinguishes the writer from the other, expresses itself through specific examples of your own style.

In the works of G. Musrepov analyzes the phraseological units associated with the national traditions and customs also examines the idioms forming the concepts: «Male», «Female», «Mountain», «love», «Badhost». In the article we can see as G. Musrepov skillfully refer of the phraseologic riches language as to an inexhaustible source of speech expression.

Key words: set expression, lexical semantic layer, spiritual wealth, nominative meaning, stylistic purpose.

Кіріспе

Ана тіліміздің сөз айдынының тереңінде халықтың ғасырлар бойғы іс тәжірибесінен, өмірді тануынан қорытылып, ереже түрінде тұжырымдалған аталы сөз – мақал – мәтелдер мен тұрақты тіркестер тұнып жатыр. Олар халықтың қаншама ғасырлар бойында әртүрлі құбылысты өзара салыстыра, бейнелеу, суреттеу, бір – біріне теңей сөйлеу мақсатында, экспрессивті – эмоционалдық қызметте қолданылатын бейнелегіш тілдік құрал ретінде жиі жұмсалады. Шын мәнінде адамдардың көңіл – күйін, эмоциясын, сезімдік қатыстарын жеке сөзбен ғана беру мүмкін емес. Әрбір жеке адамдардың өзіндік қабылдауынан туатын сезімдік «әлем бейнесі» әсерінің көрінісі лексикаға қарағанда, тұрақты тіркестердегі эмоция мен экспрессияда анағұрлым көбірек қамтылады. Халықтың әдет – ғұрпы, салт – санасы, күнделікті өміріне байланысты туындаған коннотациялық сипаттағы фразеологиялық бірліктер халықтың ассоциативті – образды ойлауы нәтижесінде пайда болып, ұлттық – мәдени ақпарат мазмұнын танытатын нышандар болып есептеледі. Бұлар жазушы көзқарасын, ерекшелігін таныту, айтар ойын ерекше әсерлі етіп, белгілі бір бейне сомдау мақсатында ұтымды пайдаланылған. Ғ. Мүсірепов қолданған фразеологиялық тіркестер, әдетте, сол мәтінге үйлесімділік беріп, нанымды жұмсалады. Осы орайда Ғ. Мүсірепов шығармаларындағы тұрақты тіркестерді анықтап, талдау жұмыстың **өзектілігі** болып табылады.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері

Зерттеу жұмыстың *мақсаты* – Ғ. Мүсірепов шығармаларындағы тұрақты тіркестердің көркемдік стильдік қызметін талдап, сонымен қатар көркемдік құрал қызметіндегі фразеологизмдердің қолданыс ерекшелігі мен тілдік табиғатын анықтау. Қаламгер туындыларындағы дәстүр жалғастығы мен жаңашылдықты көрсету. Бұл мақсатқа жету үшін мынадай *міндеттер* алға қойылды:

- Ғалымдардың тұрақты тіркестер жайлы пікірлерін саралау;
- Ғ. Мүсіреповтің шығармаларындағы тұрақты тіркестердің қолданыс ерекшелігін айқындау;
- Қаламгердің стильдік ерекшелігін көрсететін лексика–семантикалық тәсілдерін анықтау;
- Ғ. Мүсірепов шығармаларындағы салт–дәстүрге байланысты тұрақты тіркестерді, сонымен қатар «Ер адам», «Әйел», «Махаббат», «Қайғы», «Кедейлік» концептілерін қалыптастыратын фразеологизмдерді анықтап, когнитивтік тұрғыда талдау жасау.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен нәтижелері

Зерттеу жұмысында Ғ. Мүсірепов шығармаларындағы тұрақты тіркестер анықталып, когнитивтік тұрғыда зерттеліп дәйектелді. Осыған байланысты қаламгер туындыларындағы концептілердің сипатталуындағы тұрақты тіркестер айқындалды.

Осы мәселе төңірегінде жүргізілген зерттеулерге сүйене отыра, мынандай өзекті мәселелер ғылыми жағалық ретінде өз шешімін тапты:

– Ғ. Мүсірепов шығармаларындағы тұрақты тіркестер анықталып, когнитивтік құрылымын саралап зерделеу арқылы қаламгердің көркемдік әлемінің концептологиялық негізі айқындалды;

– Жазушы шығармаларындағы салт–дәстүрге байланысты тұрақты тіркестер, «Ер адам», «Әйел», «Махаббат», «Қайғы», «Кедейлік» концептілерінің сипатталуындағы тұрақты тіркестер жүйеленіп, талдауға түсті.

Негізгі бөлім

Фразеологизмдер – көркем шығарма тілін жандандыратын, астарлап, бейнелеп суреттеудің тілдегі дайын құралы болып табылатыны белгілі. Халық тілінің осы бір байлығын жазушылар шығармаларында пайдаланады. Фразеологизмдерді қаламгердің өз қажетіне сай талғап, жаңғыртып қолданылуы, оның ой пікіріне, эстетикалық талғамына, пәлсапалық көзқарасына сәйкес болады. Осыған байланысты зерттеуші Х. Қожахметова: «Көркем шығарма тіліндегі фразеологизмдерді тандап қарастыру – автордың өзіндік стиль жасаудағы тілдік тәсілдерінің бояу өрнегін айқындау болып табылады. Фразеологизмдердің стильдік бояуы жеке сөзбен салыстырғанда әлдеқайда күшті, экспрессивті мүмкіншіліктері анағұрлым мол. Осы қасиеттеріне орай фразеологизмдер белгілі бір баяндауға, не сөйленген сөзге стильдік әр береді. Қалыптасқан бұл тұрақты тіркестердің көркем әдебиет тілінде атқаратын қызметі алуан түрлі. Бұлар шығарманың идеясын беруде, образ, характер жасауда, кейіпкерлердің «өзін – өзі әшкерлеу» сияқты тілдік тәсіл болып келеді. Осылар арқылы қоғам өмірінің сан құбылыстарын, табиғат көрінісін бейнелі түрде бағалай, суреттей беруге болады» [1, 53 б.]. Ал ғалым М.Серғалиев: «Тұрақты тіркестер – әдеби тілдің ілгері даму барысында қалам қайраткерлерінің әрекеті арқылы жанданған әсем кестелер. Олар – сөз зергерлерінің ой – түйінін ықшамдап аңғартатын жинақтылықтың үлгісін көрсететін көркемдік құрал. Тұрақты тіркестерді қай жазушы болса да өз шығармасында қажетіне қарай қолданады» [2, 264 б.], – дейді.

Әрбір жазушының өзіндік стильдік өрнектері, өздері сүйіп қолданатын тәсілдері, жазу машығы болады. Жазушы сонысымен дара, сонысымен ерекше, сонысымен өзгеше. Ғ.Мүсірепов өзіндік қолтаңбасы қалыптасып орныққан, әдеби тілді байытуда өзіндік шығармашылық сара жолы айқындалған, өзгеге шығармашылық үйрену мектебі боларлықтай жазушы. Қаламгер өзі өмір сүрген кезеңдегі әртүрлі қоғамдық құбылыстар, өзгерістерді шығармаларына өзек ете, дәуір тынысына құлақ түріп отырған. Сондықтан да кез келген шығармасынан қоғам үні айқын байқалады. Жазушы тілдің лексика – семантикалық қабаттарының мағыналық қырларын айқындайды, стильдік қызметін арттыра отырып, ұтымды қолданады. Шығарманың тілдік бейнелілігін танытуда тұрақты тіркестердің озық үлгісін көрсете алған шебер жазушы.

Ғ. Мүсірепов фразеологизмдерді өз шығармаларында белгілі бір көркемдік нақыш беру қызметінде жұмсайды. Көңілдегі көрікті ойды сөзбен кестелеп айту үшін, фразалық тіркестер де тілде орасан зор қызмет атқаратыны белгілі. Туындыларындағы кейіпкерлердің шаттық, қуаныш сезімдерін беруде, кейіпкердің ішкі сезімдерін айқындау, кейіпкерге портрет жасап, мінездеме беруде, бейнелілікті күшейту мақсатында тұрақты тіркестер зор қызмет атқарады. Ғ. Мүсіреповтің шығармаларындағы фразеологизмдерді қарастыру барысында олардың мәтіндегі қолданысына зер саламыз.

Қаламгердің «Ананың анасы» әңгімесінде елді шауып, жазықсыз жас қызды зорлап алып бара жатқан батырды қыз анасының сөзбен тоқтатып, жеңгені, сөйтіп, оның қызын жау қолынан азат етуі жайлы баяндалған. Жүрегін жарып шыққан қызының тағдырына шырылдап арашашы бола білген абзал ананың өжеттігі айтылады.

Мысалы: *Өмірінде әйелден мұндай сөз естімеген әумесер Кейкі былай депті сонда: – Әйел еркекке қатындыққа жаралған. Бірақ, жер жүзінде күндік пен құлдық жоқ ел бар дегенді естігенім жоқ еді, сондықтан өзіме еріңдер: қанаттыға қақтырмайын, тұмсықтыға шоқтырмайын! – дейді [3, 162 б.]. «Қанаттыға қақтырмайын, тұмсықтыға шоқтырмайын» тұрақты тіркесі ғалым І.Кенесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» еш жәбір жапа көрсеттірмеді, қиянат жасатпады, қорғаштады [4, 408 б.] дегенді білдіреді. Яғни жоғарыда көрсетілген фразеологизмнің «Махаббат» концептісін қалыптастыратын байқаймыз.*

Қаламгердің аталмыш әңгімесіне зер салсақ: *Аққан жұлдыз ба дерсің, көзді ашып–жұмғаниша келіп, араласып та кетеді [3, 161 б.].* Бұл сөйлемде жазушы тұрақты тіркестерді қолданудың басқаша тәсілін пайдаланады. *«Аққан жұлдыздай араласып та кетеді»* десек те келіп араласқан көпті көрген көне жылқышының өте жылдам, тез қосылғанын, араласқанын білеміз. *«Көзді ашып – жұмғаниша араласты»* десек те араласушы адамның жылдамдығынан хабардар боламыз. Ал, *«аққан жұлдыздай, көзді ашып–жұмғаниша араласуы»* ерекше әсерлі, экспрессивтік өңі айқын, бояуы қанық.

Қаламгердің «Ана кесімі айнымайды» әңгімесінде «Қайғы» концептісін қалыптастыратын фразеологизмді кездестірдік: *Қара жамылған әйелдің түрі, қайғыдан бүгілген белі, үнсіз ауыр қозғалуы – қала басына орнаған бақытсыздықтың бейнесі сияқты еді.*

Ол зұлымды тапқан бақытсыз ана осы келе жатқан Мария еді. Ана жүрегін осы қайғы жеп келе жатқан [3, 66 б.]. «Қайғы жеп» тұрақты тіркесі арқылы Мария ананың қатты уайымға түскенін автор көз алдымызға әкеледі.

Жоғарыда келтірілген үзіндіде «қара жамылған» деген тұрақты тіркесі әдетте «Қайғы», «Өлім» концептісін беруде «қара» түсі жиі қолданылады. «Қара» лексикалық бірлігі қазақ халқының ұғымында өлімді, қайғы – қасіретті, азаны білдіреді. «Қара жамылды», «қаралы үй» тұрақты тіркестері осындай салт – дәстүр, ұғым – түсініктерден қалыптасқан. Сондай – ақ аталмыш әңгімеде «қайғы жеп» тұрақты тіркесінің мағынасы *уайымға түсті, қайғы азабын көп көрді* мағынасында жұмсалып тұр.

Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» романында да «қара жамылған» тұрақты тіркесін кездестірдік: *Ұлпан бұл кезде қара жамылған қаралы әйел [5, 200 б.].* Мұнда Есней қайтыс болғалы Ұлпанның біраз жұмысы тоқтап қалып, үйінен шыға алмай қайғы азабын тартып жатқандығын аңғаруымызға болады. Сонымен қатар жесір қалған әйелдердің жағдайы баяндалады: *Ері өліп, жесір қалып, қайғы жұтып отырған әйелге ағайындық жәрдем ете отырудың орнына, оның мал – мүлкімен бірге өзін де иемденіп алар күнді күтеміз [5, 187 б.].* Бұл мысалдағы «қайғы жұтып» фразеологизмі *уайымға түсті, қайғы азабын көп көрді* мағынасында жұмсалған. Осы фразеологизм арқылы ерінен айрылған жесір, жетім әйелдердің жағдайын аңғарамыз.

Ғ. Мүсірепов романда жесір әйелдердің психологиялық сезім күйін, уайымға түсіп, қайғы азабын көп көргендерін «Қайғы» концептісін қалыптастыратын «қайғы жұтып» тұрақты тіркесі арқылы береді. Мысалы: *Ері өліп, жесір қалып, қайғы жұтып отырған әйелге ағайындық жәрдем ете отырудың орнына, оның мал – мүлкімен бірге өзін де иемденіп алар күнді күтеміз [5, 187 б.].*

«Ұлпан» романында: Ұлпанды алып қашуға келген жігіттерден Есней мен Мүсіреп көмектесіп, ендігі кезекте Еснейдің нұсқауымен Мүсіреп оны жұбата бастады: – *Қарағым Ұлпанжан, басына түскен бір бәледен құтылдығың [5, 44 б.].* Мұндағы «басына түскен бір бәледен құтылдығың» фразеологизмі зор азап, ауыртпалықтан құтылдығы деген мағынада жұмсалып тұр.

Қазақ тіліндегі «Ер адам», «Әйел» концептілерін қалыптастыратын тұрақты тіркестер образ жасауда, ұлттық танымның ерекшелігін көрсетуде, ұлттық

дүниетанымды беру мақсат түсінігін әр қырынан көрсетуде мол ақпарат береді. Мұнда ер адамның, әйел адамның жеңіл мінез, мінез–құлықтары, әлеуметтік, мәдени өмірдегі алар орындары т.б. сипатталады. Оны «Ұлпан» романынан көруге болады: *Мен бұл әйелді алты дуанға атағы жайылған ханыша бар еді ғой, сондай өркөкірек, ойына келгеннің бәрі де бойыма жараса береді деп ойлайтын ала құйын тұрғысында көретін шығармын деп қауіптеніп келіп едім* [5, 179 б.]. «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» «ала құйын» тұрақты тіркесінің екі мағынасы көрсетілген: Ала құйын – 1. Ұйықтап соққан боран. 2. Жеңілтек мінезді, ұшып қонған адам [4, 288 б.]. туралы айтылады. Бұл сөйлемде «ала құйын» тұрақты тіркестің екінші мағынасы жұмсалып тұр. Қаламгер шығармаларында тұрақты тіркестердің қолданылуы шығарма тілін одан әрі ерекшелендіріп, көркейтіп тұр.

Ұлпан – сол кездегі өмірдің жаңалығын түсіне қабылдап, болашағын дұрыс аңғара білген қайраткер. Елді отырықшылыққа бастайды. Жұртқа қыстау салғыздырып, егін ектіреді. Тынбастан үй ішінің күйкі жұмысымен айналысқандығын да байқауға болады. Мысалы: – *Есенеі–ау, – деді Ұлпан тұра беріп, – Есенеі – ау, неше күннен бері мен осы үйдің отынымен кіріп, күлімен шығып, қара жұмысында жүрмін ғой!* [5, 168 б.]. Ұлпан еңбекқорлығы осындай ауыл өміріндегі күнкөріс мәселелерімен де шектеліп қалмай, ірі–ірі әлеуметтік мәселелерге дейін көтеріледі.

Аталмыш романнан мысал: *Бұл күнге дейін ешкім бетіне қарсы келіп көрмеген, ерке өскен Ұлпан малға сатылып кете беретін көп қыздың бірі екен – ау!* [5, 43 б.]. Келтірілген мысалда «бетіне қарсы келіп көрмеген» тұрақты тіркесі арқылы Ұлпанның бала кезден еркін өскендігін аңғаруға болады.

Жазушының «Оянған өлке» романында Игілік бидің бай бола тұра, кедей халыққа көмек көрсететін, кең пейіл, бауырмал жан екендігін «кең қолтық» тұрақты тіркесі арқылы аңғаруға болады. Мысалы: *Игіліктің шойындай күрең қошқыл бетінен ешнәрсенің елесі байқалмайды. Баяғы бір кеңдік, ешнәрсені елемеушілік, кең қолтық, бейғамдық сияқты белгілі қалыптан басқа түк із жоқ* [6, 13 б.]. Сонымен қатар романда Байжанның бай ағайындарының үйіне еркін кіретін, ешкімге істейтін зияны да жоқ, өтірік айтпайтыны, өсек тасымайтыны, өз сөз үлесін жібермейтіні баяндалады. Мысалы: *Дуалы ауыз болмаса да, реті келген жерде сөз үлесін де жібермейді* [6, 25 б.]. Келтірілген мысалда «дуалы ауыз» тұрақты тіркесінің мағынасы ғалым І. Кеңесбаевтың «Фразеологиялық сөздігінде» беделді кісі туралы айтылады деп көрсетілген.

Тіл байлығын ұштауда, мәнерлі де бейнелі тіркестермен сөйлеуде фразеологизмдер сөзді жандандырып, тілге өткірлік сипат береді. Ұлпанның өжет, батыл екендігін, қажет кезде ұтымды жауап бере білетін қайсарлығын мына мысалдан байқаймыз. Есенеідің құдалық жөніндегі қатал да кесімді тілегін алып келген Мүсірепке Ұлпанның айтқан сөзі: *Ағаңның есіңде болсын – Ұлпан арзанға тұспейтін қыз – демеп пе еді ол?. Есенеі таба алмай жүрген жұмбағын Ұлпан өзі айтуға бел байлады* [5, 69 б.]. «Бел байлады» тұрақты тіркестің мағынасы тәуекел етті деген мағынада жұмсалып тұр. Ұлпанны бұл айтқан сөзінен қайсарлығын, батылдығын аңғарамыз.

Мүсіреп енді абайласа, садақ осы араға жеткенше елу қадамдай жер бауырланты [5, 50 б.]. Бұл келтірілген мысалда «жер бауырланты» тұрақты тіркесінің мағынасы – уайымдады, қайғырды. Аталмыш тұрақты тіркес «Қайғы» концептісін қалыптастырады. Сөз зергері кейіпкерлерінің жан дүниесін бейнелі тілмен, қуатты сөзбен ашады. Тұрақты тіркестер кейіпкерді мінездеуде және кейіпкердің психологиялық сезім күйлерін суреттеуде ұтымды қолданылған.

Тұрақты тіркестің сыңарын өзге еркін тіркесте қайталаудың эмоциялық–экспрессиялық күшейтпелі әсері кейіпкердің сыртқы портреті арқылы ішкі сезімін

құбылыстарын «Атақты әнші Майра» әңгімесінен көрінеді: *Бұғанға дейін Майраның жүзінде қуаңдық бар еді. Қара көздері тұнық қара судай тым тұнық еді, енді сол тұнықтың бетін самал лебі сипап өткендей, қара көздері жарқырап, жүзіне ыстық қан жүгіріп сала берді* [3, 58 б.]. Мысалда қара түр-түсті білдіріп қана қоймай, «әсем, әдемі» деген мағынада жұмсалып тұр. Тұнық сөзінде «ойлы», «ақылды» деген мағынаның жатқандығын байқауға болады.

Жазушының «Ұлпан» романында «Кедейлік» концептісін қалыптастыратын фразеологизмдерге зер салсақ: *Байлық деген ішуге, жеуге, киінуге, адам сияқты тұруға жарамаса басқа неменеңе кере!.. Биыл бай болсаң, ендігі жылы тақыр кедей болып қалуың да оп-оңай.*

Ұлпан үндеген жоқ. Ұлпанның өз аулы да **шыр бітпеген кедей** болатын. Жоғарыда келтірілген «**тақыр кедей**», «**шыр бітпеген**» тұрақты тіркестері маңдайында *түгі жоқ жарлы, жүдеді, арықтады* деген мағынада жұмсалып тұр. Яғни романда Ұлпан ауылының кедей екендігін осы тұрақты тіркестері арқылы байқауымызға болады.

Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» романында салт-дәстүрге байланысты фразеологизмдер кеңінен қолданылған және мәтіндегі олардың қызметі айрықшаланып берілген. Солардың бір қатарына тоқталар болсақ, *Артықбайға құда түсіп қайт* [5, 54 б.]. *Содан кейін өзінің Есеней жіберген елшілігін «қызды айттырғалы» келгенін айтты* [5, 64 б.]. Мәтіндегі *құда түсу, қыз айттыру* сынды фразалар ертеден және қазір де жалғасып келе жатқан, жарасымды дәстүрлердің бірі. Жігіттің әкесі не жақын туыстары қызы бар үйге құда түсетін болған. Яғни романда Есеней Мүсірепті Артықбайдың қызы Ұлпанға құда түсуге жіберген. Ал қыз айттыру салты – әр ата-ананың өз ұлының болашақ қалыңдығын ерте ойластыру, өзінің теңін іздеу мақсатында жасалады. Анасын көріп, қызын ал деген қағиданы қатаң ұстайды, яғни болашақ құдасын орынды жерден, жақсы таныс, аталы, іргелі ауылдардан қарайды. Лайықты деген адамдарына әдейі барып балаларының болашағы туралы әңгіме құрайды, өздерінің құда болу ниетін білдіретін мәнді де сәнді дәстүр. Сонымен қатар романда *сұр бойдақ* деген тұрақты тіркеске мысал келтірер болсақ: – *Мен де өзіңдей сұр бойдақ. Сен қатыны жоқ сұр бойдақ, мен қатыным болса да он жылдан бері сұр бойдақпын* [5, 54 б.]. І.Кеңесбаевтың еңбегінде «*сұр бойдақ*» тұрақты тіркестің мағынасы көбіне ұзақ уақыт үйленбеген жігітке айтылады [4, 641 б.] деп көрсетілген. Қаламгердің «Ұлпан» романында «*үлкен үй*» деген тұрақты тіркесі кездесті. *Үлкен үй* – үлкен ата, кәрі әже отырған үйге қатысты айтылады. Осы тұрақты тіркестің романда көрініс табуын Есеней мен Ұлпанның диалогынан байқауға болады: – *Сіз мені қай үйіңізге кіргізбексіз? – деді. – Отау үйге кірем десең отау бар. Үлкен үйге кірем десең үлкен үй бар. Қалағаның болсын. – Жоқ, маған оңаша отау – ойнақ үй керек емес. Мен үлкен үйге кіремін де төрінде отырамын* [5, 69 б.]. Келтірілген мысалдағы «*үлкен үй*» тұрақты тіркестің мағынасы «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» бәйбіше отырған үйді де «*үлкен үй*» деп атаған [4, 739 б.]. Келтірілген мысалдарымыздың негізінде, қазақ халқының салт-дәстүріне байланысты қолданылатын фразеологизмдерінің өзіндік орны, маңыздылығы бар екеніне көз жеткіздік.

Қорытынды

Ғ. Мүсірепов ұлттық тілдің бай қазынасы – сөздік құрамын шебер пайдаланып, әр сөзін, сөйлемін, тұтас мәтінін мәнерлі, өткір, шебер тілмен өрнектеген және оларды белгілі бір стильдік мақсатпен ұтымды қолданған. Жалпы қаламгер шығармаларында фразеологизмдер кейіпкер тілінде де, автор сөзінде де, қисынын тауып, орынды пайдалана білген. Мұндай тіркестер қаламгер шығармаларында әртүрлі стильдік мақсаттарға орай орын табады. Олар кейіпкер бейнесін жасауда, портретін беруде, сондай – ақ қаһарманның басындағы психологиялық жай – күйді аңғартуда сәтті

қолданылған. Сильдік жағынан қарапайым фразеологизмдер кейіпкердің мінез – құлқын ашуда таптырмас құрал болып табылады. Тіпті кей жағдайда мұндай тіркестердің даяр тіркестер екендігін бірден байқай бермейміз де, алайда оқиғаны шындыққа жанасымды етіп шебер үйлестіруде қажет екендігін мойындаймыз.

Әдебиет:

1. Қожахметова Х. Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы. – Алматы: Жазушы, 1972. – 53 б.
2. Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. – Алматы: Атамұра, 1995. – 264 б.
3. Мүсірепов Ғ. Көп томдық шығармалар жинағы. 1-том. Әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 2002. – 288 б.
4. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007. – 800 б.
5. Мүсірепов Ғ. Ұлпан. Роман. – Алматы: Атамұра, 2003. – 264 б.
6. Мүсірепов Ғ. Бес томдық шығармалар жинағы. Үшінші том. Оянған өлке. Роман. – Алматы: Жазушы, 1974. – 483 б.